

№7 мектеп-лицейі

№7 мектеп-лицейінің мектеп психологтарының 2024-2025 оқу жылының жылдық есебі



**Мектеп психологтары: Мауленова Ақбөпе Тоқтыбаевна
Бибатырова Эльвира Кенжебаевна**

2024-2025 оқу жылының қараша айы бойынша мектеп психологтарының жүргізген жұмыстары

2024-2025 оқу жылы бойынша психологиялық қызмет жоспарға сәйкес жүргізілді, яғни келесі бағыттарда: психодиагностика, психокоррекция, психологиялық кеңес беру, психологиялық сақтандыру және білім беру, әлеуметтік диспечерлік бағыт бойынша жүргізілді.

Оқу жылының басында Оқушылардың контингентіне талдау жасалып, құрамы анықталды. Мектебіміздегі барлық оқушы саны - 2036. Бастауыш сыныптар бойынша – 817 оқушы. Орта буын бойынша – 1038 оқушы. Жоғары сынып бойынша – 181 оқушы. Мектебімізде 29 оқушы - үйден оқытылатын денсаулығында ақауы бар балалар, ерекше білім беруді қажет ететін - 28 оқушы, 14 оқушы - жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәлімет жинақталды. Барлық сынып оқушыларының педагогикалық-психологиялық зерттеу карталары жасалды.

Жаңа оқу жылының жұмыс бастамасы педагогикалық-психологиялық қызмет құжаттарын дайындау және психологтың жылдық жоспарын жасау, педагогикалық кеңесте консилиум құрамын бекітумен басталды. Қараша айында оқушылардың психологиялық картасы жасалып, электронды база жинақталды. Қараша айында мектептегі психологиялық қызмет жұмысы бойынша 5-11 сынып оқушыларының психикалық денсаулығын анықтау мақсатында жүргізілген **«М.Ковач», «НСВ-10» әдістемелері қорытындысымен** таныстырылды.

Мектеп-лицейінде 7-11 сыныптар бойынша барлығы 755 оқушылар болса, қатысқан бала саны 614 оқушы. Қатыспаған оқушылар 141, денсаулығына байланысты үйден оқу оқушылар -11, ерекше білім қажет ететін оқушы -6 және сауалнама жұмысын алуға келісім бермеген ата-ана – 124.

№7 мектеп-лицей психологтары жылдық жоспарына сәйкес қараша айында 5-6 сынып оқушыларынан мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында «НСВ-10» әдістемесін жүргізді. Әдістеме 2024 жылдың қараша айының 18-29 аралығында алынды. Әдістемеге қатысатын 5-6 сыныптар бойынша барлығы 452 оқушылар болса, қатысқан бала саны 400 оқушы. Қатыспаған оқушылар: 52, денсаулығына байланысты үйден оқыту оқушы -4, ерекше білімді қажет ететін оқушы -6 және сауалнама жұмысын алуға келісім бермеген ата-ана – 42.

Мектептегі психологиялық қызмет жұмысы бойынша ақпан, наурыз айларында 5-11 сынып оқушылар бойындағы теріс көңіл – күй, тұлғааралық проблемалар, мектептегі тиімсіздікке сенімнің жоғары деңгейі, депрессияны, жалғыздық сезімнің болуын, мазасыздықты, күйзелісті анықтау мақсатында жүргізілген **«М.Ковач» әдістемелері қорытынды-сымен** таныстырды.

Диагностикаға барлығы – 1018 оқушы қатыстырылды, 170 ата-ана қарсылық білдіруіне байланысты қатыспаған, үйден оқу 12 оқушы. Сұхбатқа 294 оқушы шақырылды, кеңестер берілді, нәтижесінде 7 оқушы мектепшілік бақылауға алынды.

Мектептегі психологиялық қызмет жұмысы бойынша мектепшілік бақылаудағы Мектепшілік бақылауда 29 оқушы бар болатын, олармен жоспар бойынша диагностикалық, коррекциялық, ағартушылық жұмыстар жүргізілді, нәтижесінде оқушылардың көңіл – күйі тұрақты екендігі байқалды және ақпан – наурыз айларында жүргізілген диагностикалық жұмыс М.Ковач сауалнама нәтижесі бойынша күйзеліссіз күй шкаласы бойынша қалыпты деңгейде анықталды. Нәтижесінде 28 оқушыны мектепшілік бақылаудан шығарылды.

Барлығы	P/c
2026	1-11 сынып оқушылары-ның / 1,2,3,4 курс студент-терінің саны \18 жасқа толмаған\
1207	Білім беру ұйымындағы 5-11 сынып, 1,2,3,4 курс білім алушыларының саны \18 жасқа толмаған\
1014	Сауалнамаға қатысқан білім алушылар саны
193	Сауалнамаға қатыспаған білім алушылар саны
Ата-ана қарсы- 166 ЕББҚ-12 Дәлелді-0 Үйден оқитын-15 Денсаулығына байланысты-3 Ауруханада-0 Жарыс- 0 Денсаулығына бай\ты онлайн студенттер-0	Қатыспау себебі \нақты қатыспау мәселесін сандық есеппен көрсету\
45	Сауалнама қорытын дысы мен сұх-батқа келген білім алушылар саны
0	Психолог ғиялық қолдау тобына алынғандар саны
30	Мектеп ішілік психолог бақылауы на алынғандар саны
0	Жалпы тәжірибелік дәрігерге жолданған білім алушы
0	Психиатр-дәрігер кеңесінен өткен білім алушылар саны
0	Психиатр-дәрігер кеңесінен бас тартқан білім алушылар саны
0	Ем тағайындаған білім алушылар саны
0	Ем қабыл даудан бас тартқан білім алушылар саны
0	Психолог бақылауына ұсынылған білім алушылар саны

№7 мектеп-лицейі бойынша Буллингке қарсы сауалнама қорытындасы

САУАЛНАМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ МОНИТОРИНГІ
5-7 сынып

№	Сауалнама сұрақтары	1	2	3
		5 сынып	6 сынып	7 сынып
		Саны 75 - 100 %	Саны 133 - 100 %	Саны 106- 100 %
1.	Сіз «Буллинг»-тің не екенін білесіз бе?	А) иә - 100 % Б) жоқ - 0 %	А) иә - 100% Б) жоқ - 0 %	А) иә - 100 % Б) жоқ - 0 %
2.	Сізге бір адамның қысым көрсеткенін кездестірдіңіз бе?	А) иә, тап болдым - 0% Б) ешқашан кездестірмедім - 100%	А) иә, тап болдым - 0% Б) ешқашан кездестірмедім - 100 %	А) иә, тап болдым - 0 % Б) ешқашан кездестірмедім - 100%
3.	Сіздің көзқарасыңыз бойынша кімдер буллингке жиі ұшырайды?	А) әлсіз және жауап қайтара алмайтын адам - 66% Б) басқалардан айырмашылығы бар- адам (сыртқы дене бітімі басқа адам) - 6 % В) өз пікірі бар адам - 3% Г) басқа жауап - 0%	А) әлсіз және жауап қайтара алмайтын адам - 67,7% Б) басқалардан айырмашылығы бар - 14,3 % адам (сыртқы дене бітімі басқа адам) - 6 % В) өз пікірі бар адам - 12 % Г) басқа жауап 0 %	А) әлсіз және жауап қайтара алмайтын адам- 84,91 % Б) басқалардан айырмашылығы бар- адам (сыртқы дене бітімі басқа адам) - 8,49% В) өз пікірі бар адам - 6,6 % Г) басқа жауап 0%
4.	Ересек адамдар буллинг көрген балаларға жеткілікті көмек көрсетпейді деп ойлайсыз ба?	А) иә- 0% Б) жоқ – 26% В) ол туралы ойланбадым- 49 %	А) иә- 14,3 % Б) жоқ - 51,1 % В) ол туралы ойланбадым- 34,6 %	А) иә- 0% Б) жоқ - 46,23% В) ол туралы ойланбадым- 53,77 %
5.	Сіз қалай ойлайсыз білім беру ұйымында қысымды болдырмау мүмкін бе?	А) иә,егер уақытында ересектер байқаса - 58 % Б) иә,егер жәбірленушіні өзінің мінез-құлқын өзгертсе - 5% В) иә,егер агрессорды жазаласа - 1% Г) жоқ,белгісіз - 11% Д) басқа жауап - 0 %	А) иә,егер уақытында ересектер байқаса - 61,7% Б) иә,егер жәбірленушіні өзінің мінез -құлқын өзгертсе - 21,05 % В) иә,егер агрессорды жазаласа - 7,52% Г) жоқ, белгісіз - 9,77 % Д) басқа жауап 0%	А) иә,егер уақытында ересектер байқаса - 66,03 % Б) иә,егер жәбірленушіні өзінің мінез-құлқын өзгертсе - 12,3 % В) иә,егер агрессорды жазаласа-3,77% Г) жоқ,белгісіз - 16 % Д) басқа жауап 1,9 %
6.	Сіздің ойыңызша, білім беру ұйымында буллингтің жолын кесуге кім қабілетті?	А) әкімшілік - 23% Б) педагогтар ұжымы - 28% В)ата-аналар - 13 % Г) оқушылар - 7 % Д) басқа жауап 4 %	А) әкімшілік - 37,6 % Б) педагогтар ұжымы - 33,1 % В)ата-аналар - 8,3 % Г) оқушылар - 19,5 % Д) басқа жауап 1,5 %	А) әкімшілік - 21 % Б) педагогтар ұжымы - 28% В)ата-аналар - 21% Г) оқушылар - 22% Д) басқа жауап 8 %

САУАЛНАМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ МОНИТОРИНГІ
8-11 сынып

Сіздің оқу орныңыздың атауы немесе мектебіңіздің нөмірі!					
№	Сауалнама сұрақтары	1	2	3	4
	Сіз қай сыныпта оқисыз?	8 сынып	9 сынып	10 сынып	11 сынып
		Саны - 144 оқушы- 100 %	Саны – 105 оқушы - 100 %	Саны- 70 оқушы-100 %	Саны - 58 оқушы 100 %
1.	Сіздің құқығыңыз мектепте бұзылады деп ойлайсыз ба?	А) иә- 0% Б) жоқ- 100 %	А) иә- 0 % Б) жоқ-100 %	А) иә- 0% Б) жоқ- 70 %	А) иә- 0 % Б) жоқ-100 %
2.	Егер құқығыңыз бұзылса кім тарапынан?	А)Мұғалімдер тарапынан- 0% Б)Сыныптастар тарапынан-2,7 0% В)Кіші қызметкерлер тарапынан- 0 % Г)Ата-ана тарапынан- % Д) Басқа жауап (Ешкім тарапынан)- 97,2%	А)Мұғалімдер тарапынан- % Б)Сыныптастар тарапынан- 5,7% В)Кіші қызметкерлер тарапынан- 0% Г)Ата-ана тарапынан- 0% Д) Басқа жауап (Ешкім тарапынан)- 94,2 %	А)Мұғалімдер тарапынан- 0 % Б)Сыныптастар тарапынан- 805% В)Кіші қызметкерлер тарапынан- 0% Г)Ата-ана тарапынан- 0% Д) Басқа жауап (Ешкім тарапынан)- 91,4%	А)Мұғалімдер тарапынан-0 % Б)Сыныптастар тарапынан- 13,7 % В)Кіші қызметкерлер тарапынан- 0 % Г)Ата-ана тарапынан- 0 % Д) Басқа жауап-86,2 (Ешкім тарапынан)- %
3.	Сізге біреу қатыгездік –зорлық-зомбылық) жасалған кезі болды ма?	А) иә- 0% Б) жоқ- 100 %	А) иә- 0 % Б) жоқ- 100 %	А) иә- 0% Б) жоқ-100 %	А) иә- 0 % Б) жоқ- 100 %
4.	Өзіңізге құрдастар тарапынан қатыгездік (зорлық-зомбылық) жасалған кез болды ма?	А)Физикалық тұрғыда- 0% Б)Эмоционалдық тұрғыда- 0 % В)Сексуалдық тұрғыда- 0% Г)Болған жоқ-100 %	А)Физикалық тұрғыда- 0 % Б)Эмоционалдық тұрғыда- 0% В)Сексуалдық тұрғыда- 0% Г)Болған жоқ-100 %	А)Физикалық тұрғыда- 0% Б)Эмоционалдық тұрғыда- 0 % В)Сексуалдық тұрғыда- 0% Г)Болған жоқ- 100%	А)Физикалық тұрғыда- 0% Б)Эмоционалдық тұрғыда-0 % В)Сексуалдық тұрғыда- 0 % Г)Болған жоқ- 100 %

5.	Өзіңізге мұғалімдер тарапынан қатыгездік (зорлық-зомбылық) жасалған кез болды ма?	А)Физикалық тұрғыда- 0% Б)Эмоционалдық тұрғыда- 0 % В)Сексуалдық тұрғыда- 0% Г)Болған жоқ- 100 %	А)Физикалық тұрғыда- 0% Б)Эмоционалдық тұрғыда- 0% В)Сексуалдық тұрғыда- 0% Г)Болған жоқ- 100 %	А)Физикалық тұрғыда- 0% Б)Эмоционалдық тұрғыда- 0 % В)Сексуалдық тұрғыда- 0% Г)Болған жоқ- 100 %	А)Физикалық тұрғыда- 0 % Б)Эмоционалдық тұрғыда-0 % В)Сексуалдық тұрғыда-0 % Г)Болған жоқ-100 %
6.	Өзіңізге үйде қатыгездік (зорлық-зомбылық) жасалған кезі болды ма?	А)Физикалық тұрғыда-0% Б) Эмоционалдық тұрғыда-0% В)Сексуалдық тұрғыда-0% Г)Болған жоқ-100%	А)Физикалық тұрғыда-0% Б) Эмоционалдық тұрғыда- 0% В)Сексуалдық тұрғыда-0% Г)Болған жоқ-100%	А)Физикалық тұрғыда-0% Б) Эмоционалдық тұрғыда-0% В)Сексуалдық тұрғыда-0% Г)Болған жоқ-100%	А)Физикалық тұрғыда-0% Б) Эмоционалдық тұрғыда-0% В)Сексуалдық тұрғыда-0% Г)Болған жоқ-100%
7.	Қорғануға тырыстыңыз ба?	А) иә-2,7% Б) жоқ-97,2, %	А) иә-5,7% Б) жоқ 94,2-%	А) иә-8,5% Б) жоқ-91,4%	А) иә13,7-% Б) жоқ-86,2%
8.	Егер сізге қатыгездік (зорлық-зомбылық) жасалған жағдайда ол туралы кімге айта алар едіңіз?	А)Досыма-18% Б)Ата-анама-44% В)Мұғалімге-14% Г)Ағама(тәтеме)-4 % Д)Мектеп психологына -12% Е)Әлеуметтік педагогке-0% Ж)Медбикеге-0% З)Ешкімге айтпаймын-8%	А)Досыма-14,2% Б)Ата-анама-27,1% В)Мұғалімге-36,2% Г)Ағама(тәтеме)-0 % Д)Мектеп психологына -12% Е)Әлеуметтік педагогке- 5,7% Ж)Медбикеге-0% З)Ешкімге айтпаймын-4,7%	А)Досыма-11,4% Б)Ата-анама-41% В)Мұғалімге-17% Г)Ағама(тәтеме)- 2,8% Д)Мектеп психологына -22,8% Е)Әлеуметтік педагогке-1,4% Ж)Медбикеге- % З)Ешкімге айтпаймын-2,8%	А)Досыма-15,5% Б)Ата-анама-43,4% В)Мұғалімге-15,5% Г)Ағама(тәтеме)- 1,7% Д)Мектеп психологына 16,9- % Е)Әлеуметтік педагогке0-% Ж)Медбикеге0-% З)Ешкімге айтпаймын-6,9%

«Өңірлік жобалық кеңсе» аясында Д.Олвеустың «Буллинг» сауалнамасы жасөспірімдер арасындағы буллингті анықтау бойынша сауалнама қорытындысы

Сыналушылар: 5-11 сынып

Зерттеу әдісінің авторы, тақырыбы: «Өңірлік жобалық кеңсе» аясында Д.Олвеустың «Буллинг» сауалнамасы жасөспірімдер арасындағы буллингті анықтау бойынша сауалнама

Сипаттама: оқушылардың сауалнамасы

Мақсаты: баланың өміріндегі зорлық-зомбылықтың қай салаларында бар екенін анықтау.

Жүргізілуі: жеке

Нәтижесі (сандық және сапалық талдауы)

5- 11 сынып аралағында жалпы оқушы саны - 1188.

Сауалнамаға 1136_сыналушы қатысты.


Қатыспаған оқушы саны – 52/ үйден оқу - 29, инклюзив – 1, ата-анасы қарсы – 17,
денсаулығына байланысты оқу процесінде жоқ (ауру)- 8

Д.Олвеустың «Буллинг» сауалнамасы 5-11 сынып

Жалпы оқушы саны	2-11 сынып	5-11 сыныптар		
		Барлығы	Қатысқаны	Қатыспағаны
2023	1800	1188	1136	52

«Саған қалай қарайды» сауалнамасы 2-4, 5-11 сыныптар

Жалпы оқушы саны	2-11 сынып	2-4 сыныптар			5-11 сыныптар		
		Барлығы	Қатысқаны	Қатыспағаны (үйден оқиды, қарсы)	Барлығы	Қатысқаны	Қатыспағаны (үйден оқиды, қарсы)
2023	1800	612	611	1	1188	1137	51



Параллельдер	Деңгейлер	Тікелей белсенді буллинг	Жанама белсенді буллинг	Тікелей пассивті буллинг (виктимизация)	Жанама жәбірленушілік (жанама пассивті буллинг)
5 сынып	Айтылады (тұрақты, жүйелі)	0% адам.	1% 2 адам.	0% адам.	0% адам.
	аз-орташа (эпизодтық)	3% 7 адам.	3% 7 адам.	7% 16 адам.	3% 7 адам.
	көрсеткіш әлсіз көрсетілген	97% 207 адам.	96% 205 адам.	93% 198 адам.	97% 207 адам.
6 сынып	Айтылады (тұрақты, жүйелі)	1% 2 адам.	0% 1 адам.	0% 1 адам.	1% 3 адам.
	аз-орташа (эпизодтық)	4% 8 адам.	5% 11 адам.	8% 16 адам.	3% 7 адам.
	көрсеткіш әлсіз көрсетілген	95% 203 адам.	94% 201 адам.	92% 196 адам.	95% 203 адам.
7 сынып	Айтылады (тұрақты, жүйелі)	0% адам.	1% 1 адам.	1% 1 адам.	0% адам.
	аз-орташа (эпизодтық)	3% 5 адам.	3% 5 адам.	2% 4 адам.	3% 5 адам.
	көрсеткіш әлсіз көрсетілген	97% 193 адам.	97% 192 адам.	97% 193 адам.	97% 193 адам.
8 сынып	Айтылады (тұрақты, жүйелі)	0% адам.	0% адам.	0% адам.	0% адам.
	аз-орташа (эпизодтық)	2% 3 адам.	4% 7 адам.	1% 1 адам.	3% 5 адам.
	көрсеткіш әлсіз көрсетілген	98% 159 адам.	96% 155 адам.	99% 161 адам.	97% 157 адам.
9 сынып	Айтылады (тұрақты, жүйелі)	3% 5 адам.	3% 5 адам.	3% 5 адам.	3% 5 адам.
	аз-орташа (эпизодтық)	3% 5 адам.	3% 5 адам.	2% 3 адам.	2% 4 адам.
	көрсеткіш әлсіз көрсетілген	95% 173 адам.	95% 173 адам.	96% 175 адам.	95% 174 адам.
10 сынып	Айтылады (тұрақты, жүйелі)	0% адам.	2% 2 адам.	1% 1 адам.	1% 1 адам.
	аз-орташа (эпизодтық)	3% 3 адам.	2% 2 адам.	2% 2 адам.	2% 2 адам.

	көрсеткіш әлсіз көрсетілген	97% 95 адам.	96% 94 адам.	97% 95 адам.	97% 95 адам.
11 сынып	Айтылады (тұрақты, жүйелі)	0% адам.	1% 1 адам.	0% адам.	0% адам.
	аз-орташа (эпизодтық)	4% 3 адам.	8% 6 адам.	3% 2 адам.	3% 2 адам.
	көрсеткіш әлсіз көрсетілген	96% 68 адам.	90% 64 адам.	97% 69 адам.	97% 69 адам.
Барлығы	Айтылады (тұрақты, жүйелі)	1% 7 адам.	1% 12 адам.	1% 8 адам.	1% 9 адам.
	аз-орташа (эпизодтық)	3% 34 адам.	4% 43 адам.	4% 44 адам.	3% 32 адам.
	көрсеткіш әлсіз көрсетілген	96% 1098 адам.	95% 1084 адам.	95% 1087 адам.	96% 1098 адам.

Ұсыныс:

1. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу профилактикалық жұмыстар өткізу, «Буллингке» ұшыраған оқушы анықталған жағдайда жан-жақты жұмысты тиімді ұйымдастыру «Өңірлік жобалық кеңсе» аясында құрылған жұмыс тобы мүшелеріне ұсынылады;
2. Анықталған білім алушылардың әлеуметтенуіне жағдай жасау, эмоционалды қолдау көрсету, оқушылар арасында өзара түсіністік пен сыйластықты қалыптастыру мақсатында сыныптан тыс іс - шараларды өткізу сынып жетекшілеріне ұсынылады.
3. Анықталған оқушылар сыныбының ата - аналарына балаға қауіпсіз, қолдау көрсететін орта қалыптастыруға мақсатты профилактикалық жұмыс жүргізу, олардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ отбасылық қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған тренингтер мен консультациялар ұйымдастыру жоба аясындағы жұмыс тобына ұсынылады;
4. Оқушылардың күнделікті көңіл-күйін бақылау сынып жетекшілеріне ұсынылады.

Жүргізілген күні: 01.04.— 04.04.2025 ж

**«Өңірлік жобалық кеңсе» аясында «Саған қалай қарайды?» жасөспірімдер арасындағы
буллингті анықтау бойынша сауалнама қорытындысы**

Сыналушылар: 2-11 сынып

Зерттеу әдісінің авторы, тақырыбы: «Өңірлік жобалық кеңсе» аясында «Саған қалай қарайды?» жасөспірімдер арасындағы буллингті анықтау бойынша сауалнама.

Сипаттама: оқушылардың анонимді сауалнамасы.

Мақсаты: баланың өміріндегі зорлық-зомбылықтың қай салаларында бар екенін анықтау.

Жүргізілуі: жеке

Нәтижесі (сандық және сапалық талдауы)

2- 11 сынып аралағында жалпы оқушы саны – **2023**, сауалнамаға **1800** сыналушы қатысты.

Қатыспаған оқушы саны - 52


2-4 сынып оқушыларына 7 тұжырым, 5-11 сынып оқушыларына 10 тұжырым ұсынылды. Әр тұжырымға тек бір жауапты таңдау арқылы жауап береді.



Жалпы оқушы саны	2-11 оқушы саны	Сауалнам аға қатысқан ы	Жалпы сауалнамаға қатыспағаны/ себебі	2 - 4 оқушы саны/ қатысқан оқушы саны	5-11 оқушы саны/ қатысқан оқушы саны
2023	1800	1748	52/ үйден оқу - 29 инклюзив - 1 ата-анасы қарсы – 17 денсаулығына байланысты оқу процесінде жоқ (ауру)- 8	612/611	1188/1137

2-4 сынып оқушыларына арналған «Саған қалай қарайды?» сауалнама диаграммасы

Тестілеуге қатысты

Қатысты Қатысқан жоқ Диагностикадан бас тартты










ен көңілсіз болғанда немесе қорықсаң, сөйлесе алатын ересек адам бар ма және ол саған көме









5-11 сынып оқушыларына арналған «Саған қалай қарайды?» сауалнама диаграммасы













Ұсыныс:

- Буллинг және кибербуллинктің алдын алу профилактикалық жұмыстар өткізу, «Буллингке» ұшыраған оқушы анықталған жағдайда жан-жақты жұмысты тиімді ұйымдастыру «Өңірлік жобалық кеңсе» аясында құрылған жұмыс тобы мүшелеріне ұсынылады;
- Анықталған білім алушылардың әлеуметтенуіне жағдай жасау, эмоционалды қолдау көрсету, оқушылар арасында өзара түсіністік пен сыйластықты қалыптастыру мақсатында сыныптан тыс іс - шараларды өткізу сынып жетекшілеріне ұсынылады.
- Анықталған оқушылар сыныбының ата - аналарына балаға қауіпсіз, қолдау көрсететін орта қалыптастыруға мақсатты профилактикалық жұмыс жүргізу, олардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ отбасылық қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған тренингтер мен консультациялар ұйымдастыру жоба аясындағы жұмыс тобына ұсынылады;
- Буллинктің алдын алу мен оның салдарын жою аясында, оқушыға әсер еткен жағымсыз жағдайларды және буллингке қатысты күмәнді іс-әрекеттер анықталған жағдайда 111 «Сенім телефоны» немесе жоба аясындағы «**STOP - Буллинг**» QR-коды арқылы байланыс орната алатындары туралы ақпараттандыру жобаның жұмысшы тобына ұсынылады;
- Оқушылардың күнделікті көңіл-күйін бақылау сынып жетекшілеріне ұсынылады.

Жүргізілген күні: 01.04.— 04.04.2025 ж

2-4 сынып оқушыларына арналған «Саған қалай қарайды?» сауалнама қорытындысы

[illegible]

р/с	Сұрақ	Жауап	3а/27	3ә/22	3б/25	3в/26	3г/25	3д/28	3е/23	3ж/30	Барлығы:
1	Өзінді үйде қалай сезінесің?	Әрқашан жақсы және жайлы	27	22	25	24	25	27	23	29	202
		Мен жиі көңілсіз боламын және қорқамын	0	0	0	0	0	1	0	0	1
		Кейде мен көңілсіз боламын, қорқамын	0	0	0	2	0	0	0	1	3
2	Ата-анаң сенімен қалай сөйлеседі?	Жақсы, мейіріммен	26	22	25	26	25	28	18	29	199
		Жиі ренжиді, ұрысады.	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		Кейде олар мені ренжітетін сөздер айтады	1	0	0	0	0	0	5	1	7
3	Сен бірденені дұрыс жасамағанда ата-анаң не істейді?	Маған сабырлы түрде түсіндіреді	25	22	25	25	25	26	21	30	199
		Маған жиі ұрсып, ұрады	0	0	0	0	0	0	0	0	
		Кейде айқайлап, ұруы мүмкін	2	0	0	1	0	2	2	0	7
4	Сен көңілсіз болғанда немесе қорықсаң, сөйлесе алатын ересек адам бар ма және ол саған көмектесе ме?	Иә, мұндай адам әрқашан бар	27	22	25	26	25	25	19	30	199
		Жоқ, менің сөйлесетін адамым жоқ	0	0	0	0	0	3	4	0	7
5	Мектепте өзінді қалай сезінесің?	Әрқашан жақсы және жайлы	27	22	25	26	25	28	23	30	206
		Мен жиі мазасызданамын және қорқамын	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		Кейде мен мазасызданып, қорқамын	0	0	0	0	0	0	0	0	0
6	Сен бірденені дұрыс жасамағанда мұғалімдер не істейді?	Олар маған сабырлы түрде түсіндіреді	24	22	25	26	25	26	18	30	196
		Маған жиі ұрысады, ұрады	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		Кейде айқайлауы мүмкін	3	0	0	0	0	2	5	0	10
7	Басқа балалар саған қалай қарайды?	Әрқашан мейіріммен	27	22	25	26	25	27	23	30	205
		Мені жиі мазақ етеді және ұрады	0	0	0	0	0	0	0	0	0
		Кейде мені мазақтап, ұрады	0	0	0	0	0	1	0	0	1

[illegible]

2-4 сынып оқушылары бойынша "Саған қалай қарайды?» сауалнама нәтижесінің жиынтығы

р/с	Сұрақ	Жауап	2 сынып	3 сынып	4 сынып
1	Өзінді үйде қалай сезінесің?	Әрқашан жақсы және жайлы	192	202	215
		Мен жиі көңілсіз боламын және қорқамын	0	1	0
		Кейде мен көңілсіз боламын, қорқамын	0	4	4
2	Ата-анаң сенімен қалай сөйлеседі?	Жақсы, мейіріммен	190	199	515
		Жиі ренжиді, ұрысады.	1	0	2
		Кейде олар мені ренжітетін сөздер айтады	1	7	2
3	Сен бірденені дұрыс жасамағанда ата-анаң не істейді?	Маған сабырлы түрде түсіндіреді	184	199	212
		Маған жиі ұрсып, ұрады	2	0	0
		Кейде айқайлап, ұруы мүмкін	6	7	7
4	Сен көңілсіз болғанда немесе қорықсаң, сөйлесе алатын ересек адам бар ма және ол саған көмектесе ме?	Иә, мұндай адам әрқашан бар	190	199	217
		Жоқ, менің сөйлесетін адамым жоқ	2	7	2
5	Мектепте өзінді қалай сезінесің?	Әрқашан жақсы және жайлы	187	206	209
		Мен жиі мазасызданамын және қорқамын	0	0	1
		Кейде мен мазасызданып, қорқамын	5	0	9
6	Сен бірденені дұрыс жасамағанда мұғалімдер не істейді?	Олар маған сабырлы түрде түсіндіреді	178	196	200
		Маған жиі ұрысады, ұрады	1	0	1
		Кейде айқайлауы мүмкін	13	10	18
7	Басқа балалар саған қалай қарайды?	Әрқашан мейіріммен	189	205	215
		Мені жиі мазақ етеді және ұрады	1	0	1
		Кейде мені мазақтап, ұрады	2	1	3

Білім алушылаға, педагогтарға, ата-аналарға психологиялық көмек және қолдау көрсетілуі.

«Жақсы көңіл-күй, жақсы қарым –қатынас негізі » тренинг анықтамасы

2024 жылы желтоқсан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен «Жарасымды қарым –қатынас негізі » атты тақырыбында 8 – 9 сынып оқушыларымен психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға өздеріне сенуге, қадағалауға, өз қабілеттерін дамыту өз қолдарында екендігін үйрету, бала бойындағы қобалжудан арылу, тиімді қарым-қатынасқа ықпал ететін мінез-құлық дағдылары мен қабілеттерін дамытады және біріктіреді.

Тренингке оқушылар қызығушылықпен белсене қатысып отырды. Тренинг барысында «Фрактальды сурет» – бала бойындағы қобалжу, эмоционалды көңіл-күйін анықтау, тыныштандыру, өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында пайдаланылды. «Жіптік курс» «Менің қалпағым», «30ға дейін санай білесін бе?», «Шеңбер кедергісінен өту» ойындары ойнатылды. Тренинг жақсы әдістемелік деңгейде өтті, қатысушылар өте қызықты, достық және көңілді атмосфера болғанын атап өтті.

Тренинг сонында оқушылар өздерінің тренингтен алған әсерлерімен бөлісті.



Қорытынды: Балаларға тренинг сабақтың ұнағанын айтып, қуанышты сезімдерін көрсетті. Тренингтен кейінгі кезеңде осындай көңіл-күйде және әрқашан бір-біріне көмектесіп, достық қарым қатынаста болу жайлы түсіндірілді.

Ұсыныс: сынып жетекшісі: сыныптағы оқушылардың көңіл күйін, қарым-қатынасын үнемі бақылауда ұстау. Сабақта ойын, жаттығуларды (сергіту сәттерін) жиі қолдану. Психологпен байланыста болу (қажет жағдайда ситуацияға байланысты).

Ата –анаға: баламен жақын, жағымды қарым қатынаста болу, оның сыныптастарымен, достарымен жақын таныс болу. Сабақтан тыс уақытта баламен бірге уақыт өткізу, балаға адал болу және үнемі шынайы мадақтап отыру.

№7 мектеп - лицейінде жыныстық қолсұғылмаушылық бойынша 2024-2025 ж.ж атқарылған жұмыстар

№	Мекеме атауы	Өткізілген күні	Қатысқан ата-ана саны, оқушы саны	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Әлеуметтік желіде жариялану	
						Суреттер	Сілтемелер
1.	№7 мектеп-лицейі	29.11.2024ж.	29	«Қыздармен жұмыс»	№7 мектеп-лицейінің 7 «Ә» сыныбында «Қыздармен жұмыс» жоспарына сәйкес сынып жетекшісі Утешова Лайла Әділханқызының ұйымдастыруымен «Қыздарға кеңес» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мектеп-лицейдің аяжаны Әйімбет Ақмарал Әлмағанбетқызының қатысуымен қыз балаларының жеке бас гигиенасына байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сынып сағаты ашық еркін форматта сырласу түрінде өткізіліп, оқушыларға ойын түрінде тәтті сұрақтар жасырылып, керемет көңіл-күймен өз пікірлерін ашық ортаға салып белсене атсалысты.	  	https://www.facebook.com/share/p/19LXH6sBvp/
2.	№7 мектеп-лицейі	13.09.2024ж.	28	«Қыздарға кеңес»	№7 мектеп-лицейінің 5 «А» сыныбында «Қыздармен жұмыс» жоспарына сәйкес сынып жетекшісі Мамытова Гүлдәурен		https://www.facebook.com/share/p/15hgipxVw4/

					Тастыбайқызының ұйымдастыруымен «Қыздарға кеңес» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мектеп-лицейдің аяжандары Абиева Света Алтынбаевна мен Айымбет Ақмаралдың қатысуымен қыз балаларының жеке бас гигиенасына байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сынып сағаты ашық еркін форматта сырласу түрінде өткізіліп, оқушыларға ойын түрінде тәтті сұрақтар жасырылып, керемет көңіл-күймен өз пікірлерін ашық ортаға салып белсене атсалысты.»	  	
3.	№7 мектеп-лицейі	02.10.2024ж.	26	«Қыздарға кеңес»	№7 мектеп-лицейінің 5 «Ә»сыныбында «Қыздармен жұмыс» жоспарына сәйкес сынып жетекшісі Емжар Ақерке Бектібайқызы ұйымдастыруымен «Қыздарға кеңес» тақырыбында танымдық сынып жиналысы өткізілді. Мектеп-лицейдің аяжаны Абиева Света Алтынбаевна қатысуымен қыз балаларының жеке бас гигиенасына байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиналыс соңында оқушылармен ой бөлісіп, мектеп формасы мен ережелері, интернет желісінде жүрген қауіпті ойындар жайлы толықтай назарға алынды.	  	

4.	№7 мектеп-лицейі	24.10.2024ж.	28	«Қыздармен жұмыс»	№7 мектеп-лицейінің 5 «Г»сыныбында «Қыздармен жұмыс» жоспарына сәйкес сынып жетекшісі Қаржаубаева Аружан Төрәліқызы ұйымдастыруымен «Қыздарға кеңес» тақырыбында танымдық сынып жиналысы өткізілді. Мектеп-лицейдің аяжаны Абиева Света Алтынбаевна қатысуымен қыз балаларының жеке бас гигиенасына байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиналыс соңында оқушылармен ой бөлісіп, мектеп формасы мен ережелері, интернет желісінде жүрген қауіпті ойындар жайлы толықтай назарға алынды.		https://www.facebook.com/share/p/19wkvaNN5Z/
5.	№7 мектеп-лицейі	23.12.2024ж	25	«Қыз қылығымен көрікті»	№7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Бақыткүл Қолғанатовна және сынып жетекшісі Қожалиева Ұлбосынның қатысуымен 7 Г сынып оқушыларымен «Қыз қылығымен көрікті» атты тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Психологиялық тренингтің мақсаты: оқушылардың арасында жақсы қарым - қатынас орнату, әрі қарай бірге жұмыс жасау үшін топқа ортақ, жағымды ауа райы (атмосферасын) құру. Тренинг барысында қыздармен әңгімелесе отырып, қарым-		https://www.facebook.com/share/v/14wReoiYQn/

					қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, өзін-өзі тану, құрметтеу, достар арасындағы қарым-қатынас талқыланды. Оқушылар тренингке белсенді, шын ниетпен қатысты. Тренинг соңында өз ойларымен бөлісті		
6		05.02.2025ж			№7 мектеп–лицейінде «Жыныстық қолсұғылмаушылық және ерте жүктіліктің алдын-алу», «Репродуктивті денсаулық және жеке шекара» туралы 8–11 сынып қыз балалары арасында жиналыс өткізілді. Жиналысқа қалалық емхананың гинеколог дәрігері Юля Югай арнайы шақыртылды. жеткізді. Қатысушылар өздерін ойландырып жүрген сұрақтарын мамандарға қойды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нәдірбаева Ғазиза Әуелбекқызының тарапынан кеңестер берілді. Оқушылармен ой бөлісіп, мектеп формасы мен ережелерін сақтау жайлы айтып өтті. Мектеп педагог–психологтары Бибатырова Э.К. мен Мауленова А.Т. «Репродуктивті денсаулық және жеке шекара» тақырыбында жасөспірім қыздарға репродуктивті денсаулық жайлы ақпараттар бере отырып, жеке		https://www.facebook.com/share/p/1zmLQGzuUV/

					шекараны сақтаудың маңыздылығын түсіндіру. Топ ішінде өз сезімдерімен бөлісуге, өзгелерді тыңдай отырып, жетістікке жетуге мүмкіндік алу, қауіпсіз ортада жағымды мінез бен қауіпсіз іс-әрекет қалыптастыруға, мінез-құлық өзгерісі мен стресстік жағдайлар байқалған жасөспірімдерге психологиялық ықпал жасау туралы түсіндіріп, толыққанды ақпараттандырылды.		
--	--	--	--	--	--	--	--

«Жыныстық қарым – қатынасты ерте жаста бастаудың зардаптары» қыздар жиналысының анықтамасы

Мектебімізде 2025 жылдың 21 ақпанда педагог-психологтардың ұйымдастыруымен жоғары сынып қыздарымен «Жыныстық қарым – қатынасты ерте жаста бастаудың зардаптары» тақырыбында емхана психологы Қажажметова Ляззатпен кездесу өткізілді. Кезекті кездесу барысында емхана психологы қажетті ақпараттармен бөлісті.

Мақсаты: Ерте жүктіліктің алыдын – алу,әдет – ғұрыптың,салт – дәстүрді қыз баланың бойына сіңіре отырып келекшекте ана алдында қоғамның,ұлттық тыныс – тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып,әдепті, сыпайы,адамгершілігі мол,білімді жан – жақты жетілген қыз бала болуға тәрбиелеу.Ерте жастағы жүктілік,оның алдын – алу жолдары туралы оқушыларға айтып,түсіндіру.

Жиналыс барысында «Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу?», «Ерте жүктіліктің қауіп-қатері?», «Ерте жүктілік немен қауіпті?» - деген сауал төңірегінде ой қозғалып, оқушылармен маңызды сұрақ-жауап арқылы пікір алмасты. Сонымен қатар мамандар қыздарымыздың жеке сұрақтарына да жауап берді.



«Ой, сезім, мінез-құлық» тренинг анықтамасы

2025 жылы қаңтар айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 8 "Ж" және 9"В" сынып оқушыларымен «Ой, сезім, мінез-құлық» тақырыбында психокоррекциялық тренингі өткізілді. Мақсаты: Эмоциялық өрісін дамыту, қатысушылардың сезімдерін айта алуы және анықтауға дағдылануды үйрету; «Ой, «сезім», «мінез-құлық» түсініктерінің жіктелуі топтың ынтымақтастығын көтеру. Тренинг барысында «Мен және менің ойларым» ойыны, «Адам, үй, жел » ойыны, "Жіптік курс" жаттығуы ұйымдастырылды. Оқушылар тренингке белсене қатысып, алған әсерлерімен бөлісті. Нәтижесінде оқушылар сезім, мінез-құлық туралы ойларын толықтырды.



**“Жыныстық қолсұғылмаушылық және ерте жүктіліктің алдын алу” және
«Репродуктивті денсаулық және жеке шекара» тақырыбында түсіндірме жұмысы.**

“Жыныстық қолсұғылмаушылық және ерте жүктіліктің алдын алу” және «Репродуктивті денсаулық және жеке шекара» туралы мектеп – лицей қабырғасындағы 8 – 11 сынып қыз балалар арасында түсіндірме жұмысы өткізілді.

Мақсаты: Жастар мен жасөспірімдерді салауатты өмір салтына, отбасының амандығы мен бақытына деген құнды қарым-қатынасын қалыптастыруға ықпал ету, жастар арасындағы ерте жүктіліктің және жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу. Жиналысқа қалалық емхананың гинекологі Юля Югай шақыртылып. «Жыныстық қолсұғылмаушылық және ерте жүктіліктің алдын алу» туралы туралы қыздарға түсіндірме жұмысын жүргізді. Ерте жастағы жүктіліктің ең алдымен денсаулыққа кесірін тигізсе, болашағына балта шабатыны турасында ұғынықты етіп түсіндірілді. Толық қалыптаспаған организм жүктілікпен және босануды көтере алмайды соның салдарынан ақауы бар баланың дүниеге келуі мүмкін “. Аталған дүниенің бәрі ерте жүктіліктің қауіп қатері екенін оқушыларға жеткізді. Қыздарды сөзге тартып, өздерін ойландырып жүрген сұрақтарын ортаға салуға мүмкіндік бере отырып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нәдірбаева Ғазиза Қыздарға кеңестер беріп, оқушылармен ой бөлісіп, мектеп формасы мен ережелерін сақтау жайлы айтып өтті. Мектеп – лицей педагог – психологтар А.Мауленова, Э.Бибатырова «Репродуктивті денсаулық және жеке шекара» – жасөспірім қыздарға репродуктивті денсаулық жайлы ақпараттар бере отырып, жеке шекараны сақтаудың маңыздылығын түсіндіру. Топ ішінде өз сезімдерімен бөлісуге, өзгелерді тыңдай отырып, жетістікке жетуге мүмкіндік алу, қауіпсіз ортада жағымды мінез бен қауіпсіз іс-әрекет қалыптастыруға, мінез-құлық өзгерісі мен стресстік жағдайлар байқалған жасөспірімдерге психологиялық ықпал жасау туралы түсіндіріп, ақпараттандырды.



«Реніштен арылу» тренинг анықтамасы

2024 жылдың желтоқсан айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 10 «В» сынып оқушыларымен «Реніштен арылу» тақырыбында психокоррекциялық тренингі өтілді.

Мақсаты: Айнала қоршаған адамдарға кешіріммен, түсінушілікпен, ізгілікпен қарауға үйрету. Жасаған әрекеттеріне жауапкершілікпен, қасындағы адамдарға шыдамдылықпен қарауға тәрбиелеу. Тренинг барысында оқушыларға қажетті мәліметтер берілді. Өз кезегінде оқушылар тақырып аясында ойларын ортаға салып, толғандырған сауалдарына жауап алды.



"ҰБТ-ға сеніммен барайық" тақырыбында психологиялық тренинг

2025 жылдың наурыз айында № 7 мектеп-лицейінің психологтарының ұйымдастыруымен 11 - сынып оқушыларымен "ҰБТ-ға сеніммен барайық" тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: тренинг мектеп бітірушілерді ҰБТ-ға дайындау кезінде оқушылардың бойында сенімділікті қалыптастыру, белсенділігін арттыру. Өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылату, қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйретеді. Оқушылар тренингке белсене қатысты. Әрбір оқушы талдау кезінде өз ойларымен бөлісті, пікір алмасты. Тренинг барысында оқушылар құндылықтарға ерекше көңіл бөлді.



«Жақсы көңіл күй жанға қуат» тақырыбында мектеп әкімшілігімен және жас мамандармен психологиялық тренинг

2025 жылдың қаңтар айында № 7 мектеп-лицей психологтарының ұйымдастыруымен «Жақсы көңіл күй жанға қуат» тақырыбында мектеп әкімшілігімен және жас мамандармен психологиялық тренинг өткізілді. Тренингте педагогтың үш типі, үш стилі, мұғалімнің руханилығы сонымен қатар бейне жағдаяттар беріліп талқыланды. Сергіту сәттері, жас мамандар мен ұстаздар арасында өзара тығыз байланысты нығайту үшін «Келісу керек», «Өзіңді білгің келсе ...» «Біз біргеміз» жаттығулары және де апитерапия техникасы да жүзгізілді. Мақсаты: Мұғалімдермен жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеру. Тренинг жұмысына мұғалімдер белсене қатысып, өз пікірлерімен бөлісті.



